

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «6D070300, 8D06101 – Ақпараттық жүйелер», «6D070400 - Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» (Компьютерлік инженерия), «6D075100 Информатика, есептеу техникасы және басқару» (Жүйелік инженерия), «6D060200 - Информатика» (Компьютерлік ғылымдар), «6D100200, 8D06301 Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері», «6D070200 - Автоматтандыру және басқару» 8D07109 – Автоматтандыру және Internet of Things, 8D07116 – Интеллектуалды басқару жүйелері мамандықтар тобы бойынша диссертациялық кеңесі.

Есепте мынадай мәліметтер бар:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер: 8

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).

Диссертациялық кеңестің барлық мүшелері – 12 адам, олардың ішінде 6 адам (50%) диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері және 6 адам (50%) докторлық зерттеу тақырыбына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалды (2021-2024 оқу жылы бойынша құрылған диссертациялық кеңес бойынша)

Диссертациялық кеңестің барлық мүшелері – 7 адам, олардың ішінде 4 адам (60%) диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері және 3 адам (40%) докторлық зерттеу тақырыбына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалды (2024-2027 оқу жылы бойынша құрылған диссертациялық кеңес бойынша)

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

№	Докторанттардың ТАӘ	Докторант оқыған, ЖОО	Докторанттың кеңесшілері
1	Блиева Дана Назарбаевна (қабылдау, уақытша мүшелер мен рецензенттерді тағайындау және қорғау)	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1. Бердышев Абдумаулен Сулейманович - физика–математика ғылымдары докторы, профессор, «Ақпараттық және есептеу технологиялары институты» ШЖҚ РМК (Алматы қ., Қазақстан Республикасы) бас ғылыми қызметкері. 2. Альберто Кабада - PhD докторы, Сантьяго де Компостела Университетінің профессоры (Сантьяго де Компостела, Испания).

2	Тергеусизова Алия Советжановна (қабылдау, уақытша мүшелер мен рецензенттерді тағайындау және қорғау)	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1.Айтчанов Бекмурза Хусаинович - техника ғылымдарының докторы, Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің профессоры (Қазақстан, Алматы қ.). 2.Вуйцык Вальдемар - техника ғылымдарының докторы, Люблин техникалық университетінің профессоры (Польша, Люблин қ.).
3	Калменова Гаухар Болатбековна	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1.Крис Филлипс - Ньюкасл университетінің профессоры, (Ньюкасл, Ұлыбритания). 2. Балакаева Гульнар Тултаевна – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, компьютерлік ғылымдар кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті (Алматы қ., Қазақстан);
4	Турарбек Әсем Турарбекқызы	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1.Кабанихин Сергей Игоревич – Р.Ғ.А. корреспондент-мүшесі, физика - математика ғылымдарының докторы, профессор, Новосибирск мемлекеттік университетінің профессоры (Новосибирск, Ресей). 2.Бектемесов Мактағали Абдимажитович – физика - математика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан).
5	Омарова Перизат Танирбердиевна	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1.Амиргалиев Едилхан Несипханович – физика- математика ғылымдарының докторы, профессор, информатика

			кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан); 2. Вальдемар Войцик – профессор, Люблин техникалық университеті (Люблин қ., Польша).
6	Мирзахмедова Гулбану Абсаматовна	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1. Мурзабеков Заинелхриет Нугманович – техника ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан). 2. Дмитриев Михаил Геннадьевич – физика - математика ғылымдарының докторы, профессор, РҒА «Информатика және басқару» федералды зерттеу орталығының бас ғылыми қызметкері (Мәскеу, Ресей).
7	Аршидинова Мукаддас Тургановна	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1. Муслум Аричи, PhD, қауымдастырылған профессор Коджаэли Университеті (Измит қаласы, Турция). 2. Ташев Азат Арипович – техника ғылымдарының докторы, профессор, Ө.А. Джолдасбеков атындағы Механика және машинатану институты (Алматы қаласы, Қазақстан);
8	Турсынова Ажар Тойлыбайқызы	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1. Омаров Батырхан Султанович – PhD, қауымдастырылған профессор, әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан). 2. Постолаке Октавиан Адриан – PhD, профессор, Лиссабон университетінің профессоры (Лиссабон, Португалия).

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау:

Блиева Дана Назарбаевнаның диссертациялық жұмысының мақсаты флюид қаныққан кеуекті ортада сейсмикалық толқындардың таралуын сипаттайтын кеуектік серпімділіктің динамикалық теңдеулерінің жүйесіне арналған алғашқы-шеттік есептің сандық-талдамалық шешімі әдістерінің алгоритмін әзірлеу және зерттеу болып табылады. Зерттеу пәні Екіөлшемді жағдайға арналған математикалық модель және әртүрлі физикалық параметрлермен сипатталатын жарты жазықтықта флюид қаныққан серпімді кеуекті ортада орын алатын физикалық процестерді шынайы сипаттайтын, оны аппроксимациялайтын айырымдық схема.

Тергеусизова Алия Советжановнаның диссертациялық жұмысының мақсаты Математикалық модельдерді әзірлеу және оптикалық талшықты тарту үрдісінің температуралық режимін автоматты басқарудың сигма жиілік – импульстік жүйесін зерттеу. Зерттеу объектісі автоматтандыру үрдісінің негізгі тізбегі және оптикалық өзекшенің сапасына әсер ететін негізгі фактор болып табылатын оптикалық талшықты тартудың температуралық режимі. Зерттеу пәні жұмыста қойылған мәселелерді шешу үшін математикалық талдау әдістері, автоматты басқару теориялары және объектілер мен басқару жүйелерін зерттеудің эксперименттік әдістері қолданылды.

Калменова Гаухар Болатбековнаның диссертациялық жұмысының мақсаты Мұнай шламын термиялық өңдеу кезінде конвективтік жылу мен масса тасымалдау процесстерін математикалық және сандық модельдеу мен бағдарламалық кешен әзірлеу. Зерттеу объектісі математикалық және сандық модельдеу, сандық есептеу дамыту мен жүзеге асыру, мұнай шламын термиялық өңдеуге арналған бағдарламалық кешен әзірлеу. Зерттеу пәні екі өлшемді стационарлық емес дербес дифференциалдық күрделі теңдеулер жүйесін шешуге арналған сандық есептеулердің алгоритмдері мен программалық жиындары.

Турарбек Әсем Турарбекқызы диссертациялық жұмысының мақсаты Машиналық оқыту әдістерін қолдана отырып, сейсмологиялық Деректер негізінде Қазақстан Республикасының сейсмикалық белсенділігін анықтаудың моделі мен ақпараттық жүйесін құру. Зерттеу объектісі Қазақстан территориясының сейсмикалық белсенділігі. Зерттеу пәні сейсмикалық белсенділікті анықтау үшін машиналық оқытудың алгоритмдері мен әдістері.

Омарова Перизат Танирбердиевна диссертациялық жұмысының мақсаты Өзен арналарының ластануы мен шөгуін болжау үшін шөгінді

жыныстарды тасымалдау үлгілерін әзірлеу сандық модельдеу арқылы физикалық есептерді шешуге негізделген. Болжам нәтижелерін алу үдерісін жеделдету үшін нейрондық желілер мен қашықтықтан зондтау деректері қолданылады. Объектінің зерттеу нысаны: Зерттеу саласы - Шардара су қоймасы ауданындағы Сырдария өзені. Шардара су қоймасы каскадты су қоймаларының жүйесі болып табылады, ал Сырдария өзені алабының төменгі, жазық бөлігі лесс тәрізді құмды саздақтардан (саз бен құмның құрамы) және саздақтардан (топырақ типі) тұрады: құм, лай, саз және топырақ қоспасы тең пропорцияда). Нәтижесінде арналық су қоймалары тоқтатылған шөгінділердің ағынын толығымен ұстап тұрады, бұл оның шөгу процесін қалыптастырады. Бұл мәселені елемеу су қоймаларының тұтас каскадының шөгуіне әкеледі. Зерттеу пәні: Сырдария өзені және оның арналары, шөгу және ластану процестері, бөгеттер.

Мирзахмедова Гулбану Абсаматовна диссертациялық жұмысының мақсаты Қарапайым дифференциалдық теңдеулермен және алгебралық теңдеулер жүйесімен сипатталған үш секторлы экономикалық моделі үшін ақпараттық жүйе параметрлерін зерттеу. Қарапайым дифференциалдық теңдеулермен және алгебралық теңдеулер жүйесімен сипатталған үш секторлы экономикалық моделі үшін синтездеуші басқаруды тұрғызу алгоритмін құру. Зерттеу нысаны: Дифференциалды және сызықты емес алгебралық теңдеулер жүйесімен берілген үшсекторлы экономикалық жүйелердің математикалық моделі болып табылады. Зерттеу пәні: Үшсекторлы экономикалық модель үшін теңдестірілген экономикалық өсімді қамтамасыз ететін еңбек және инвестициялық ресурстарын анықтау болып табылады.

Аршидинова Мукаддас Тургановна диссертациялық жұмысының мақсаты айнымалы қиманың өзектеріндегі термофизикалық сипаттамаларды зерттеу әдістерін, есептеу алгоритмдерін және бағдарлама кешенін зерттеу және әзірлеу. Зерттеу объектісі. Айнымалы қимадағы сырықтағы термофизикалық үрдістерді зерттеудің есептеу әдістері мен алгоритмдері. Зерттеу пәні. Вариациялық тәсілге негізделген айнымалы қимадағы сырықтағы жылу өткізгіштік есептерін шешудің сандық әдістері.

Турсынова Ажар Тойлыбайқызы диссертациялық жұмысының мақсаты медициналық заттардың интернетін және ми кескіндеріндегі терең оқыту үлгілерін пайдалана отырып, инсульт белгілерін Автоматты диагностикалаудың кешенді жүйесін құру. Зерттеу нысаны: мидың КТ суреттері, ұйқы артерияларындағы қан ағымы. Зерттеу пәні ұйқы артерияларындағы қан ағымының жылдамдығын өлшеуге арналған ультрадыбыстық сенсор, ми кескіндеріндегі инсульт ошақтарын жіктеуге және сегментациялауға арналған терең оқыту алгоритмдері.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы:

Блиева Дана Назарбаевнаның жұмысы уақыт бойынша және кеңістіктік ауыспалы шамаларының біреуі бойынша Фурье-Лапласстың интегралдық түрлендіруін қолдану жеке туындылардағы теңдеулердің симметриялық t -гиперболалық жүйесі үшін бастапқы алғашқы-шеттік есепті екінші кеңістіктік ауыспалыға қатысты кәдімгі дифференциалды теңдеулер жүйесін шешуге келтіруге мүмкіндік берді. Бұл тәсілдеме зерттелетін есепті қою дұрыстығы туралы теореманы теориялық тұрғыда тұжырымдауға, есеп шешілімділігінің қажетті және жеткілікті шарттарын анықтауға, айқын түрде талдамалық шешімнің өрнегін алуға мүмкіндік етті.

Тергеусизова Алия Советжановнаның жұмысы оптикалық талшықты тартудың температуралық режимін автоматты түрде басқару үшін реттегіш ретінде жиілік – импульстік модулятор сигмасы қолданылады, ол бұрынғыдан ерекше болып келеді, себебі ол объектінің қасиетін кешігу түрінде және оның стохастикалық ортада жұмыс істеуін ескереді. Жұмыстың ғылыми жаңалығы сонымен қатар оптикалық талшықты тартудың температуралық режимін басқару үрдісін сипаттайтын математикалық модельдерді әзірлеу. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыс оптикалық талшықты тартудың технологиялық үрдісін автоматты басқару жүйелерін математикалық модельдеу және синтездеу саласындағы теориялық түсініктерді кеңейтеді және тереңдетеді.

Калменова Гаухар Болатбековнаның жұмысы ұсынылған сандық нәтижелер мұнай шламын термиялық өңдеудің физикалық заңдылықтарын дұрыс сипаттайды. Құрастырылған математикалық модель және әзірленген сандық модельдеу мұнай шламын термиялық өңдеу кезінде болатын конвективті жылу және масса тасымалдау процестерін зерттеу үшін өте маңызды. Қазіргі заманғы технологиялар негізінде әзірленген бағдарламалық кешен диссертациялық жұмыста алынған нәтижелерді мұнай-газ өндірісте пайдалануды қамтамасыз етеді.

Турарбек Әсем Турарбекқызы жұмысы ҚР төңірегіндегі сейсмикалық белсенділікті анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесі соңғы 10 жылда болған сейсмикалық деректерді өңдей отырып болжау жасауға мүмкіндік береді.

Омарова Перизат Танирбердиевна Диссертациялық жұмыс нәтижесі 2022-2024 жылдарға арналған ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған №BR18574144 «Техногендік және табиғи әсерлер кезінде бөгеттер мен басқа да инженерлік құрылыстарды бақылау үшін деректерді іздеу жүйесін әзірлеу» жобасы негізінде орындалған.

Мирзахмедова Гулбану Абсаматовна Диссертациялық жұмыста еліміздің экономика салаларына бөлінетін инвестиция, еңбек ресурстарының баланстық қатынастарын анықтау, статистикалық мәліметтер бойынша деректер қорын құру, үш секторлы жабық экономика жүйелерін математикалық модельдеу жүргізілді. Еліміздің экономика салаларын секторларға бөліп қарастыру әр сектор үлесінің тиімділігін бағалай отырып, даму стратегиясымен ресурстарды үлестіру туралы шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Аршидинова Мукаддас Тургановна Диссертациялық жұмыс 2020-2022 жылдарға арналған ҚР БҒМ Ғылым Комитетінің ғалымдарды гранттық қаржыландыру №AP05131093 ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде орындалды.

Турсынова Ажар Тойлыбайқызы Инсультті диагностикалау үшін медициналық заттардың интернетін қолданудың эксперименттік нәтижелері, терең оқытуды қолдана отырып, ми инсульттарын жіктеуге арналған модельдік эксперимент нәтижелері, ми кескінін сегментациялау үшін ResNet блоктары бар UNet және UNet негізіндегі терең нейрондық желі моделінің эксперимент нәтижелері алынды. Терең оқытудың дамыған модельдерінің тиімділігін бағалау анықталады.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау:

Блиева Дана Назарбаевна. Бастапқы есептің дискреттік аналогының сандық шешімі үшін бірнеше сандық әдіс қолданылды және де таратылған торда айқын ақырғы айырымдық ағындыққа қарсы схеманы пайдалану есептеу процестерін параллельдеудің ең тиімді алгоритмін алуға мүмкіндік берді. Эксперименталды бақылауларға сәйкес келетін визуалдаумен кеуек серпімді орталардың физикалық процестерін және қасиеттерін сипаттайтын имитациялық модельдің бағдарламалық кешені әзірленді.

Тергеусизова Алия Советжановна. жүргізілген зерттеулер нәтижесінде жоғары температуралы пештегі температураның талшықтың тартылу жылдамдығына, керілуіне және диаметріне әсері анықталды, диэлектрлік жіптердің диаметрін өлшеуге арналған құрылғы әзірленді және сипатталды, диэлектрлік жіптерді тарту жылдамдығын өлшеуге арналған құрылғы әзірленді және сипатталды, оптикалық талшықты тартудың

температуралық режимін автоматты басқарудың сигма жиілігі мен импульстік жүйесі әзірленді. Реттегіштің бұл түрі алғаш рет көрсетілген технологиялық үрдісте қолданылады және ең перспективті болып саналады, өйткені ол объектінің қасиеттерін кешіктіріп ескереді.

Калменова Гаухар Болатбековна. Алынған нәтижелерді мұнай шламын термиялық өңдеу үшін теорияда және тәжірибеде қолдануға болады. Құрылған математикалық модель және әзірленген сандық модельдеу мұнай шламын термиялық өңдеу кезінде пайда болатын кеуекті анизотропты ортадағы жылу және масса алмасу процестерін зерттеуге мүмкіндік береді. Алынған теориялық және практикалық нәтижелер мұнай-газ өнеркәсібінде өнеркәсіптік пайдалану үшін маңызды. Мұнай-газ өнеркәсібі кәсіпорындарының өндірістік қызметінде қолдану үшін бағдарламалық кешен әзірленді.

Турарбек Әсем Турарбекқызы. Зерттеу сейсмикалық белсенділікті болжауда машиналық оқыту алгоритмдерін пайдалану мүмкіндіктері мен шектеулері туралы түсінікті кеңейтуге мүмкіндік береді. Әзірленген үлгі мен әдістеме сейсмикалық белсенділікті бақылау және болжау, олардың дәлдігі мен уақыттылығын арттырудың қолданыстағы жүйелеріне біріктірілуі мүмкін.

Омарова Перизат Танирбердиевна. Зерттеу өзен арналарының ластануы мен шөгуін болжау үшін өндіруге және қашықтықтан зондтау деректеріне негізделген болжамдық әдістерді әзірлеуге ықпал етеді. Бұл тәжірибелер су шаруашылығы жүйелерін басқаруды жақсартып және қоршаған ортаға кері әсерлердің алдын алады. Өзен арналарының ластануы мен шөгуін болжау су экожүйелерінің алдын алу және қалпына келтіру шараларын жеңілдетеді. Диссертациялық жұмыс өзен арналарында ластану мен шөгудің таралуын болжау үшін гидродинамикалық жағдайларды, жер бедерін, механикалық және табиғи әсерлерді ескеретін модельді ұсына отырып, шөгінді жыныстардың тасымалдану теориясының дамуына үлес қосады.

Мирзахмедова Гулбану Абсаматовна. Теңгерімді салыстырмалы баланстық қатынастармен берілген үш секторлы экономикалық жүйенің математикалық моделіне арналған арнайы түрдегі Лагранж көбейткіштер әдісін қолдану, секторлы экономиканы жоспарлауға мүмкіндік береді.

Аршидинова Мукаддас Тургановна. ASIR бағдарламалық жасақтамасы инженерлерге қажетті жылу өнімділігіне қол жеткізу үшін жолақ геометриясы мен материалдарын оңтайландыруға мүмкіндік береді, бұл салмақтың төмендеуіне, құнының төмендеуіне және тиімділіктің артуына әкелуі мүмкін. Термофизикалық процестерді түсіну қауіпсіздікті жақсартуға көмектесетін құрылымдық элементтердің қызмет ету мерзімі мен сенімділігін бағалау үшін

маңызды. Жылу процестерінің материалдарға әсерін талдау жақсартылған сипаттамалары бар жаңа материалдарды әзірлеуге көмектеседі. Алынған алгоритмдер мен бағдарламаларды студенттерді оқыту және ғылыми тәжірибелер жүргізу үшін академиялық мақсаттарда пайдалануға болады. Модельдеу нәтижелерін талдау инженерлік және басқару шешімдеріне қолдау көрсете алады. Алгоритмдерді биомедицина, аэроғарыш және машина жасау сияқты жылу процестерін түсіну маңызды болатын әртүрлі салаларда бейімдеуге және қолдануға болады

Турсынова Ажар Тойлыбайқызы. Практикалық маңыздылығы инсультті диагностикалау үшін кешенді жүйені қолдану болып табылады. IoMT каротид артериясындағы қан ағымының жылдамдығы бойынша инсульттің алғашқы белгілерін анықтауға арналған құрылғы және ми кескінін жіктеу және сегментациялау үшін терең оқыту үлгілері. IoMT құрылғысына мыналар кіреді: CW(үздіксіз толқынды) ультрадыбыстық сенсор, аналогты-сандық түрлендіргіш ADS1115, Raspberry Pi 4 Model B Бір тақталы компьютер. инсультті жіктеуге және сегменттеуге арналған терең нейрондық желі үлгілерінде шағын деректер жиынымен жұмыс істеу мүмкіндігі бар.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертацияның мазмұнын оқып зерделеу үшін және сыни пікір беруі үшін әрбір диссертацияға ресми түрде екі рецензент тағайындалды, олардың ғылыми дәрежелері ғылым докторы немесе ғылым кандидаты, философия (PhD) докторлары болды және докторанттың зерттеу аумағындағы ғылыми мақалалары 5 (бесеуден) аз болмауы шарт екендігі ескерілді.

Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес рецензент пен докторанттың бір-біріне тәуелсіз болу принципі жетекшілікке ала отырып тағайындады.

Ресми рецензенттер диссертациялық кеңеске жазбаша түрде пікірлерін көрсетті, онда диссертацияның ғылымның даму бағытына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестілігі, өзектілігі, жаңашылдық принциптеріне сәйкестілігі, автордың жеке үлесі, нақтылығы, ішкі бірлігі, практикалық маңызы, академиялық адалдылығы ескерілген және философия (PhD) докторы дәрежесін алу мүмкіншілігі қортындыланған. Ресми рецензенттердің берген пікірлерінің көшірмесі докторанттарға берілді және диссертацияны қорғау күні белгіленген күнге 5 (бес) жұмыс күні қалғанға дейін университеттің интернет ресурсына ілінді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

1. Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін іздеу, іріктеу мен бекітуге берілген уақытты ұзарту.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

№		«6D070300, 8D06101 – Ақпараттық жүйелер»	«6D070400 - Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» (Компьютерлік инженерия)	«6D075100 Информатика, есептеу техникасы және басқару» (Жүйелік инженерия)	6D051 «6D060200 - Информатика» (Компьютерлік ғылымдар)	6D050«6D100200, 8D06301 Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері»	«6D070200 - Автоматтандыру және басқару»	8D07109 – Автоматтандыру және Internet of Things	8D07116 – Интеллектуалды басқару жүйелері
1	қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	2	1	1	2	-	1	1	-
2	қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-	-	-	-	-
3	рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-	-	-	-	-
4	қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім	-	-	-	-	-	-	-	-

	алған диссертация лар (оның ішінде басқа ЖОО докторантта рының)								
5	пысықтауға жіберілген диссертация лар (оның ішінде басқа ЖОО докторантта рының)	-	-	-	-	-	-	-	-
6	қайта қорғауға жіберілген диссертация лар (оның ішінде басқа ЖОО докторантта рының)	-	-	-	-	-	-	-	-

Диссертациялық кеңестің төрағасы

Иманкулов Т.С

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы

Сатымбеков М.Н.

«__» ____ 2025 ж.